



*Джасксыбекова Нагима
Сарымсаковна*

*№27 «Мәртөбе» жалпы орта
білім*

*беретін мектебі
Шымкент қаласы*



*Көркем еңбек пәнінде оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін
пайдалану негізінде оқушыларды шығармашылыққа баулу
әдістеріне арналған авторлық бағдарлама*

Мақсаты:

Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану. Пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді сипаттау.

Бастауыш технология курсының оқытудың міндеттері:

Технологиялық құралдар мен аспаптарды пайдалана алу

Шәкірттердің өз бетінше білім алуымен қатар, шығармашылықпен жұмыс істеуін қамтамасыз ету

Политехникалық оқуды жүзеге асыруға қолғабыс тигізу

Бастауыш технологияны оқыту шартты түрде үш салаға бөлінеді

Бастауыш технологияны жалпы әдістемесі

Бастауыш технологияны арнайы әдістемесі

Бастауыш технологияны нақты әдістемесі

Көркем еңбек пәнінде
оқытудың жаңа әдіс-
тәсілдерін пайдалану
негізінде оқушыларды
шығармашылыққа баулу



*Технологиялық
шығармашылық
жұмыс оқушылардың
бойында туа біткен
эстетикалық сезімді
оятады. Эстетикалық
тәрбиелеу ісінде кейбір
жұмыстардың ең әсем
шешуін табуға
баулудың да маңызы
зор.*



Орындап көр.

Тапсырма осы тақырып бойынша сабақта алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға бағытталған. Оқушылар сабақта жасаған өрнектерінің нобайымен «Микросуреттер» композициясын құрастырады.

Сен білесің бе?

Осы тақырып бойынша қосымша ақпарат берілген. Оқушыларға мәтінді оқып, мына сұраққа жауап беруді ұсыныңыз: осы айдарда берілген қызықты мәлімет қандай ойға жетелейді?

Қосымша тапсырмалар

- Қосымша тапсырмалар ретінде салынған суреттерді кез келген материалмен (мысалы, түрлі түсті қарындаштармен) бояуды ұсынамын.

Бағалау

Зерттеу альбомына орындалған жұмыстарға топпен немесе жұппен талдау жүргіземін және бағалаймын. Салынған нобайлардың сапасына назар аударып, атап айтқанда, жалпы композицияға, оның күрделілігі мен элементтерінің аяқталғандығына, пішіндердің, сызықтардың үйлесімділігіне мән беремін

Оқыту мен оқу тәжірибесінде өзгерістерді енгізуді басқаруының дәлелдемелері


«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» Жүсіпбек Аймауытов

Мұғалімдер сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғылары келсе, өздерінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашулары керек.
(МАН 5-бет)

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізудің
Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
Сабақты түрлендіріп өткізу ;
Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану ; Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушыларға қойылатын талап : Алдына мақсат қоя білу және жетуге ұмтылу ; Қорытынды жасап отыру. Қосымша материалдар табу, іздену. Өзін - өзі талдауды, өзін - өзі бағалай білуді меңгеру;

«Мұғалім. Білімдік бар биікке шығар саты. Ең алғаш басталады осы адамнан, Сүйеді сондықтан да жақын, жаты... Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімді, Сыйлайды мәңгі бақи беріп төрін», -деп Сәбит Мұқанов айтқандай, үнемі сыйлы, қадірлі, сүйікті болып, шәкірттерімізді білім нәрімен сусындатып, белестерге жете берейік. Сондықтан баланы жеке тұлға ретінде өздігінен дамуға итермелеуіміз керек. Себебі жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім алу арқылы өз бетінше дамуын қойып отыр. Бұл мақсатқа жетуде өз бетінше жұмыстардың алар орны ерекше .



Шымкент қаласының №27 «Мәртөбе» жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімдері: Джаксыбекова Нагиман Сарымсақовна мен Сапақова Рабия Кусановнаның «Көркем еңбек пәнінде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану негізінде оқушыларды шығармашылыққа баулу әдістемесіне арналған авторлық бағдарлама» (Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, тарату және енгізу) жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құралына

П І К І Р

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен сананының қарқынды дамитын кезі, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектептің көркем еңбек пәнін оқытуда оқушыны шығармашы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалығы. Президент жолдауында: «Ұлттық баспаға қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» – деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дамындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне оту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс – тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даярға жол салуға икемді, шығармашы педагог - зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдердің бірі - сыни тұрғысынан ойлау. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп, шығармашылық жұмыс жасау. Бұл әдістің тиімділігі сабақ барысында оқушылар топтық жұмыс барысында тез ішепін қабылдауға, логикалық ойлауға, тақырып аясында өз ойларын дамытуға дағдыланыла. Мәсәлі мен өзіміз тәжірибемен айтар болсақ, 2 сынып әдебиеттік оқу пәнінен Т.Молдағалиевтің «Он алтыншы желтоқсан» тақырыбында өткен сабақ барысында оқушыларым топтық жұмыс жасағанда, аталған технологияның инсерт . болжау, миға шабуыл әдістерін етті пайдалана білді.

Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру арқылы оқушының танымдық қабілетін дамыту, саналы деңгейге көтеру. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушының өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ойын дамытуы, яғни жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер алдына тым.

Бастауыш мектептің көркем еңбек пәнін оқытуда қазіргі ақпараттық технологиялар төмендегі бағытта қолданыла алады:

- балалар мен педагогтарды зерттеу пәні, соған сәйкес бастауыш мектептің материалдары арнаулы компьютерде өз бетімен жұмыс істеуді жетік меңгертуге құрылуы тиіс.

Авторлары: Джаксыбекова Нагиман Сарымсақовна,
Сапақова Рабия Кусановна,

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ жаңа ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ АРНАЛҒАН АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА.
(Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, тарату және енгізу).
Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құралы. Шымкент, 2020. 147-бет.

ISBN 978-601-7982-20-1

© Джаксыбекова Нагиман Сарымсақовна,
Сапақова Рабия Кусановна,
«Көркем Еңбек», 2020 жыл